# «XXI ғасырдың жас математигі»

атты интеллектуалдық ойын

# *Мақсаты:*

- Олимпиадаға оқушы дайындай отырып, математикалық ой-өрісін дамыту, білімді, дарынды, озық болуға тәрбиелеу.

# ОЙЫН 5БӨЛІМНЕН ТҰРАДЫ:

I бөлім – «Бәйге»
II бөлім – «Тіл - өнер»
III бөлім – «Дода»
IY бөлім – «Адасқан әріптер»
Y бөлім – «Жорға»

# I бөлім
# «Бәйге»

*“Бәйге” сұрақтары*

- Бір тонна мақта ауырма , бір тонна темір ма?

*“Бәйге” сұрақтары*

- 4 пен  5-тің арасында қандай таңба қойылғанда төрттен артық, 5-тен кем сан шығады .

*“Бәйге” сұрақтары*

- Параллелепипедтің неше қыры, неше жағы бар?

*“Бәйге” сұрақтары*

- Үшбұрыштың төбесі мен қарсы жатқан қабырғасының ортасын қосатын кесінді.

*“Бәйге” сұрақтары*

- столдын бір бұрышын кесіп тастаса неше бұрыш қалады?

*“Бәйге “ сұрақтары*

- Алманың жартысы неге тең?

**2 ғасырда неше жыл бар?**

**Бір нүктеден шығып, екі сәуледен құралатын геометриялық фигура.**

**Кез – келген екі нүкте арқылы нені жүргізуге болады?**

**Қандай түзулердің ортақ нүктесі жоқ?**

**Бұрышты өлшейтін құрал.**



**Айқасқан 2 таяқ, тұрады жоқты сұрап ?**

Тік бұрыш неше градусқа тең?

**Екі нүкте арқылы неше түзу жүргізуге болады?**

**Қандай өрнекті әріпті өрнек деп атайды?**

**«Математика – барлық ғылымдар патшасы» жолдарының авторы кім?**

**Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы**

# ІІ бөлім
# «Тіл-өнер»

Жоқ өзінде бас та, қас та, мойын да,
Ұзындығы жазулы тұр бойында.

сызғыш, линейка, a ruler

Түйеқұс таразыда бір аяғымен тұрғанда 12 кг. Тартады. Ал егер екі аяғымен тұрса, қанша тартады?

он екі, двенадцать, tweive

Өзі сөйлей білмейді, салған ізі сөйлейді.

қалам, ручка, pen

Ел құлағы нешеу?

елу, пятьдесят, Fivty

*Отыз тістен шыққан сөз – неше рулы елге тарайды?*

отыз, тридцать, soty

Қабат-қабат қаттама,
ақылың болса аттама

кітап, книга, book

# III БӨЛІМ «ДОДА»

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Қазақтың байырғы есептері | 20 | 30 | 40 | 50 |
| Логикалық есептері | 20 | 30 | 40 | 50 |
| Арнайы сұрақтар | 20 | 30 | 40 | 50 |
| ВИКТОРИНАЛЫҚ СҰРАҚТАР | 20 | 30 | 40 | 50 |

# Қазақтың байырғы есептері

- .Қандай санның атының жазылуында қанша әріп болса, соншалық цифр бар**?**

20

- Жолда 3 әке, 6 бала келе жатыр. Олар 42 алма сатып алды және әрқайсысына 6-дан тиді. Бұл қалай?
  - Ата, 2 әке, 4 немере

30

- Магазиннен 19 теңгеге сауда жасадың. Бірақ сенде 3 теңгеліктер ал сатушыда 5 теңгеліктер ғана бар. Тығырықтан шығар жол бар ма?

40

- Сықырлаған арба үстінде келе жатқан екі жолаушының біреуі жолдың жартысын өткенде жолдың жолдың жартысы қалғанша ұйықтайды. Жолаушы жолдың қанша бөлігін ұйықтайды?

50

# «Логикалық» есептері



- Үш бала 17 бауырсақ жеді. Ең көп жегені Тимур. Аз дегенде Тимур неше бауырсақ жеген?1



30 ұпай

- **Қандай үш бір таңбалы санның қосындысы олардың көбейтіндісіне 6-ға тең ?**

- **Бір таңбалы санға дәл сондай санды**
- **тіркеп жазса, сан неше рет өседі?**

- **«миллион»**
- **сөзін қазақ арасына алғаш**
- **таратқан кім?**

# Арнайы сұрақтар

Түйе, бота маң басқан,Төр аяғын тең басқан ,Бие бар құлын емізген , Қос ешкі туған егізден , Үш қозы мен екі қой ,Бәрі қанша ойлап қой.

**Дүкеннен мен сабын алдым,Оның және қабын алдым,Екі дәптер бір қарындашн,Тіс ысқышты тағы алдым,Есептеші сонда бәрі,Қанша болды қолда бәрі?**

Мына сандардың ең үлкені қайсысы?

- А) 999 б) $99^9$ с) $(9^9)^9$

**12 бұтағы бар алып емен, 52 шыбық тарап, өсіп өнген. Шыбық сайын 7-ден жапырағы**

**Бар ма еді, сондай ағаш көзің көрген.**

# Викториналық сұрақтар:

20

Үш түйеқұс ұшып келе жатты. Аңшы олардың бірін атып алды. Олардың қаншасы қалды?

30

Екі саннның қосындысы 8-ге тең, айырмасы 2-ге, көбейтіндісі 15-ке тең. Ол қандай сандар

40

Ұшақ А қаласынан В қаласына дейін 1 сағ 20минут ұшады да, сол жолмен кайтарда 80 мин. Ұшты . Себебін түсіндір.

50

Шекер жейтін аққұтан Бір қазыққа байланды Аузына тістеп шекерін

Ол қазықты айналды

# IV. Адасқан әріптерден сөз құрау

# IV. Адасқан әріптерден сөз құрау.

**Берілген әріптерден математикалық терминдер құраңдар**



1.СЫРЛЫ МАТЕМАТИКА

2.ГЕОМЕТРИЯ ӘЛЕМІ

| | |
|---|---|
| Шеңбер бойындағы кез – келген нүктені центрмен қосатын кесінді. | радиус |
| Ортақ бөлгіші 1-ге тең сан. | өзара жай сан |
| Алымы бөлімінен үлкен бөлшек | бұрыс бөлшек |
| Нәрселерді санағанда қолданылатын сан. | натурал сан |
| 369 саны 3-ке бөліне ме? | иә |
| Қабырғасы 1-ге тең квадраттың ауданы неге тең? | 1 |
| Дәлелденбейтін тұжырым не деп аталады? | АКСИОМА |
| Бағытталған кесінді. | вектор |
| Бір нүктеден бірдей қашықтықта жатқан нүктелер жиыны қалай аталады? | шеңбер |
| ОХ осі қалай аталады? | абсцисса |

Шеңбер бойындағы екі нүктені қосатын және центр арқылы өтетін кесінді. — **диаметр**

Көбейтіндісі 1-ге тең бөлшектер қандай сандар деп аталады? — **Өзара кері**

640 саны 5-ке бөліне ме? — **иә**

Алымы бөлімінен кіші бөлшек. — **Дұрыс бөлшек**

Натурал сандар нешеден басталады? — **1-ден**

Дәлелденетін тұжырым не деп аталады? — **теорема**

Жазыңқы бұрыш шамасы нешеге тең? — **180 градус**

Шеңбер ұзындығының диаметрге қатынасы нешеге тең не пи-дің мәні нешеге тең? — **3,14**

Биссектрисалары өзара перпендикуляр болатын төртбұрыш. — **Шаршы, ромб**

ОУ осі қалай аталады? — **ордината**

**Көңіл бөліп бұл кешке**
**Келгендерге көп рахмет.**
**Шын сезінген көрерменге,**
**Мың рахмет, мың рахмет!**

# Сау болыңыздар!